Құттықтаймыз!

Құрметті әріптесіміз **Нұрлыбек Зикенұлы Сәрсеновті** 63 жасқа толуымен және зейнеткерлікке шығуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Осы қуанышты күні деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс-байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз.

Болашақты ойлаған күні бұрын
Ел құрметтер қашанда сүйікті ұлын.
Жақсылықтар өмірде бола берсін,
Тілеміз мәртебеңнің биіктігін.

Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз.
Алпыстың да үшіне жеттіңіз,
Енді аман–есен зеңгірлікке жетіңіз.

Ізгі ниетпен, әріптестеріңіз: **Н.К.Пішембаев, Ч.К.Жансарбаев, А.Е.Әкімов, Ж.Б.Сейітқазин, Е.А.Нұртазин, Ж.Ж.Бейсебаев, Ж.Ж.Сазданов, С.К.Қаңтарбаев, А.Е.Тілегенов, Б.Ә.Әйтімбетов, Қ.Ш.Тулев, Е.М.Сыздықов, Н.Н.Сипий, А.Б.Шүйкенов.**

(1302).

«Сыбаға» несиелендіру бағдарламасы бүгін...

Ауылдық шаруаларға және фермерлерге ет бағытындағы жеке шаруашылықтарын кеңейтуге көмектесетін «Сыбаға» ет бағытындағы ІҚМ өсірудің мемлекеттік несиелендіру бағдарламасының қатысушылары болуға ниет білдіргендердің саны артып жатыр. Бүгін Қазақстанның барлық облыстарында, соның ішінде Павлодар облысында «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ қаражаты есебінен мақсаты шаруа қожалықтарды және фермерлік шаруашылықтарды етті/ет-сүтті тұқымдас ірі қара малдың импорттық аналық мал басын сатып алу үшін несиелендіру болып табылатын «Сыбаға» несиелендіру бағдарламасы кең ауқымды іске асырылып жатыр. Бағдарлама біздің облыстарымыздың аудандық орталықтарында орналасқан кредиттік серіктестер атынан «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ серіктестері арқылы қаржыландырылады.

Несиелендіру шарттарының ауылда бизнесті жүргізу мүдделерін және мүмкіндіктерін ескерумен әзірленуі бағдарламаның бірегейлігі болып табылады. Бағдарламамен ұзақ мерзімге (15 жылға дейін) қаржыландыру, субсидиялауды ескерумен 4% жылдық төмен пайыздық мөлшерлеме, қарызды өтеуге 30 айға дейін жеңілдік мерзімінің болуы, кепілдікті қамтамасыз етуге қойылатын икемді талаптар қарастырылды. Қажет болса, ауылшаруашылық техникасын және құрал-жабдықтарын, өндіруші бұқаларды сатып алуға, сондай-ақ айналым қаражатты толықтыруға қосымша займдар беріледі.

Бүгінгі күні Павлодар облысы бойынша «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ алдына қойылған «Сыбаға» бағдарламасы бойынша ІҚМ 1850 басы жоспарымен қазіргі танда 1 390 355 000 теңге сомасына 2356 мал басын сатып алу үшін 25 жоба қаржыландырылды.

«Аралбаева» ШҚ атынан Аралбаева Нұржамал Шаймерденқызы «Сыбаға» қаржыландыру бағдарламасының қолдауымен жеке бизнесін кеңейтуге шешім қабылдаған «Рассвет» Кредиттік серіктестік» ЖШС соңғы қатысушыларының бірі болды.

«Аралбаева» шаруа қожалығының негізі 2013 жылы Шарбақты ауданының Богодаровка ауылында қаланды. Бизнес отбасылық, ШҚ басшысы - Аралбаева Нұржамал Шаймерденқызы, басқарушысы ұлы - Чече-Оглы Лойнап Шәріпұлы.

2018 жылғы тамызда 8-24 ай жасындағы ІҚМ импортты асыл тұқымды аналықтың 40 басын сатып алу үшін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ қаражаты есебінен «Рассвет КС» ЖШС арқылы «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 20 000 000 теңге сомасына несие алды.

Басқарушысы айтқандай, малды сатып алу - күрделі процесс, бірақ мемлекеттің, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Павлодар облысы бойынша филиалы және «Рассвет КС» ЖШС көрсеткен қолдауының арқасында бұл мүмкін болды, қазірдің өзінде-ақ мөлшерлемені субсидиялауға Павлодар облысының АШБ өтініші мақұлданды, 10%-ы займ алушыға субсидия түрінде қайтады.

Қазіргі уақытта займ алушы Хакасия республикасынан ет-сүтті тұқымды малды алып келді. Ол малды өз бетімен алып келді, мал әлі карантинде тұр, бірақ барлық талдаулар мен тиісті процедуралар жасалды, Ресей Федерациясынан тұқымды куәліктерді күтіп жатыр, осылайша, барлық тиісті құжаттар алынғаннан кейін Павлодар облысының Ауылшаруашылық басқармасына ІҚМ (ет-сүт бағытындағы) импортты аналық мал басын сатып алуға жұмсалған қаражатты өтеуге өтініш беріледі. Мұнда отарлы мал шаруашылығымен жақсы айналысатынын атап өткіміз келеді. Болашағы зор, сәйкесінше қосымша жұмыс орындарын кеңейтеміз, - дейді шаруашылық басшысы.

Бұл бағдарлама біздің заманымыздың қиын жағдайларында жұмыс істеуге ниет білдіргендерге және жұмыс істей алатындарға арналған. Өйткені жерге деген сүйіспеншіліксіз, өз-өзіңе деген сенімсіз көмекке қандай ыңғайлы несиелендіру шарттары берілсе де мүмкін, ештеңе де шықпас. Сондықтан «Сыбаға» бағдарламасы еңбектенуге ниет білдірген, алдына қойған мақсаты бар және өзінің де, өз елінің болашағына да сенімді адамдарға арналған.

А.РАМАЗАНОВА.

(20353).

БАСПАСӨЗ - 2019

Газетке жазылуды ұмытпаңыз!

Құрметті оқырмандар!
2019 жылға арналған «Сарыарқа самалы» қоғамдық-саяси, ақпараттық-жарнамалық газетіне жазылу жалғасуда

Жазылу мерзімі	«Қазпошта» АҚ-ның бөлімшесі арқылы жазылу		«Alash Press» ЖШС-нің бөлімше-лері арқылы жазылу	Редакцияда ресімделу және алумен жазылу
	Индексі 55441		Павлодар қ.	Павлодар қ.
	қала	ауыл		
6 ай (аптасына үш нөмір)	4868,20 теңге	5186,40 теңге	4865 теңге	3810 теңге
12 ай (аптасына үш нөмір)	9736,40 теңге	10372,80 теңге	9730 теңге	7620 теңге
12 ай (бейсенбілік нөмір)	Индексі 55442		4035 теңге	3144 теңге
	қала	ауыл		
	4040,70 теңге	4251,40 теңге		

Біздің газетімізге жазылуды үйге немесе жұмыс орнына дейін жеткізілумен кез келген пошта бөлімшесінде, пошта қызметкері арқылы немесе **Павлодар қ-сы, Ак.Сәтбаев к-сі, 50** (тел.32-40-37) мекенжайы бойынша орналасқан «Қазпошта» ғимаратында, **Ак.Марғұлан к-сі, 142-23** мекенжайы бойынша орналасқан **«Alash Press» ЖШС-де** (тел.61-63-18) жазыла аласыз. Одан басқа, баламалы жазылу арқылы **Астана к-сі, 143** мекенжайы бойынша ресімдеп, тікелей редакциядан алуға болады.

Мекемелер мен ұйымдардың назарына! Біздің кез келген басылымға 50 данадан кем емес жазылған жағдайда кәсіпорынға дейін жеткізумен ұжымдық баламалы жазылуды ұсынамыз. Тел.: 8 (7182) 66-15-41.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті 2018 жылғы 30 қараша, сағат 11.00-ге белгіленген «Экибастузтеплоэнерго» ЖШС-нің жылу энергиясын өндіру, беру және тарату қызметіне арналған тариф жобасын қарау жөнінде жария тыңдаудың өткізілу күні мен уақытын 2018 жылғы 4 желтоқсан, сағат 17.00-ге кейінге қалдырады.

Жария тыңдау мына мекенжайда өткізіледі: Екібастұз қаласы, Әуезов көшесі, 153-үй (мәжіліс залы).

Анықтама телефоны: 8 (7182) 325-585;

«Экибастузтеплоэнерго» ЖШС - 8 (7187) 280-560.

(20354).

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ «Павлодар қаласының солтүстік өнеркәсіптік ауданындағы «Бета» кен орнының саз балшықты жыныстарын өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша жария тыңдауын өткізетінін хабарлайды.

Жария тыңдау 2019 жылғы 4 қаңтар күні сағат 15.00-де Павлодар қ., Торайғыров көш., 76 («ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ оқу орталығының ғимараты) мекенжайы бойынша өткізіледі. Қатысушыларды тіркеу уақыты 14.30-да.

Жобаға тапсырыс беруші: «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ, тел. 8 (7182) 39-95-06, электронды пошта: info@pavlodarenergo.kz.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Производственно-Изыскательская Артель» ЖШС, Қарағанды қ., Ермаков көш., 29, тел. 8 (7212) 36-05-44.

Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің материалдары www.tabigatpv.gov.kz сайтында орналастырылған.

Жұртшылық жобаның қағаз нұсқасымен мына мекенжай бойынша таныса алады: Павлодар қ., Солтүстік өнеркәсіптік аймақ, 3-ЖЭО-ның әту ғимараты, қайта құру және модернизациялау басқармасы кабинеті.

Жоғарыда көрсетілген жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар G.N.Nurgalieva@pavlodarenergo.kz., A.Serova@pavlodarenergo.kz электронды мекенжайлары бойынша қабылданады.

Жария тыңдауды ұйымдастыруға жауапты тұлға - «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ, Бухина Р.Ж. (32-93-79, 65-25-59, buhina.raushan@pavlodar.gov.kz).

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу жөніндегі орган - «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ.

Жария тыңдауын өткізгеннен кейін жоба мемлекеттік экологиялық сараптаманың келісуіне жолданатын болады.

(20355).

Еске алу

Әбетжанова Күләш Төлеубекқызын еске аламыз

Жоғары адамгершілік қасиеттерімен туыстары, жолдастары алдында үлкен беделге, сый-құрметке ие болған, балаларының асыл да аяулы анасы, немере-шөберенің сүйікті әжесі, халқына қалаулы, еліне елеулі болған, жаны жайсаң, мінезі ақжарқын, көңілі көлдей болған Еңбек ауылының тұрғыны Күләш Төлеубекқызы Алланың әмірімен, тағдырдың жазуымен 73-ке қараған шағында фәниден бақиға озып отыр. Ол 1967 жылы Әбетжанов Аманкелді Ғабдоллаұлына тұрмысқа шығып, 42 жыл Аманкелді Ғабдоллаұлының ардақты да асыл жары болды. Қазіргі күнде 4 баласынан 10 немере, 3 шөбере өсіп келеді.

Марқұмның жатқан жері жайлы болсын, мәңгілік үйінің іші нұрға толсын. Оқыған дұғамыз қабыл болып, артында қалған туыстарына бақытты өмір, зор денсаулық берсін.

Еске алушылар: **бірге жүрген жолдастары: Тұяқ-Мәриям, Әткен-Кәбира, Есқали-Бижамал, Думаш-Күлсара, Бәшірбай-Бақыт.**

(1238)

Павлодар қаласы әкімдігі және қалалық мәслихат депутаттары мемлекеттік қызмет ардагері Айым Мүкәрамқызы Қанафинаға інісі

Әділбектің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

САРЫАРҚА САМАЛЫ

МЕНШІК ИЕСІ

«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Павлодар қаласы)

«Ертіс Медиа» ЖШС, «Сарыарқа самалы» облыстық газеті

Газет Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы 30.09.2014 ж. №14562-Г куәлігі берілген.

Газет 1979 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2014 жылы «Алтын жұлдыз» жалпыұлттық сыйлығымен марапатталды.

ЖШС директоры Асқар ШӨМШЕКОВ

Бас редактор Нұрбол ЖАЙЫҚБАЕВ

Телефоны. 66-15-30

ЖШС-нің мекенжайы. Павлодар қаласы, Қ.Сұрғанов көшесі, 21-үй.

Редакцияның мекенжайы. 140000, Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Теле/факс 66-15-30

Газеттің электронды поштасы: **ssamaly29@gmail.com.**
Бас редактордың орынбасары 66-14-61.
Жауапты хатшы 65-12-74.
Әлеуметтік бөлім 66-14-63, 66-15-31, 66-15-32.
Экономика, саясат 66-14-64, 66-15-28, 66-14-65.
«Айналайын» 66-14-63.
«Жас times» - 66-15-32.

Жарнама бөлімі: s_samaly_reklama@mail.ru 66-15-42, 66-15-40.

Маркетинг және тарату бөлімі 66-15-41.

Фототілші, корректорлар - 65-12-74.

Газеттің нөмірі «Сарыарқа самалының» компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Газет аптасына үш рет шығады, апталық таралымы 14485 дана, бүгінгі көлемі 3 б.т.

«Дом печати» ЖШС баспаханасында басылды. ҚР Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Газеттің сапалы басылуына баспахана жауап береді. Телефоны. 8 (7182) 61-80-26.

Басылуға қол қойылған уақыты 17.00. Тапсырыс - 2587

Хаттар, қолжазбалар, фотографиялар мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Көлемі А4 (14 кегль) форматындағы 2 беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарды тегіс жариялауды және оларға жауап беруді міндетіне алмайды.

Жарнамалық материалдардың мазмұнына жарнама берушілер жауап береді.

Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан алынған фотосуреттер де пайдаланылды.

Авторлардың пікірлері редакция ұстанған көзқарасқа сәйкес келмеуі де мүмкін.

«Сарыарқа самалында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Баспа индексі 65441.